

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ
2019 ЖЫЛҒЫ 30 ҚАҢТАРДАҒЫ

ҚАУЛЫСЫ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтың «2018/2019 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы»* бойынша баяндамасын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н.Жанбековтың «2018/2019 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы»</i> тақырыбындағы ақпараты <i>назарға алынсын.</i>		
2	2018/2019 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамы тарапынан емтихан сессиясының ережелерін бұзу фактілерін тексеріп, алдын-алу мақсатында Жұмыс тобы құрылып, арнайы ұсыныс дайындалып, келесі Ғылыми кеңесте бекітілсін.	Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаев</i> Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н.Жанбеков</i>	
3	Сессия нәтижелері кафедра отырысында және институт Кеңесінің кеңейтілген отырысында талқыланды.	<i>Институт директорлары</i> <i>Кафедра меңгерушілері</i>	
3.1	Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамы тарапынан емтихан сессиясының ережелерін бұзу фактілерін қарастырып, талқыланып, атқарылған шаралар туралы есеп беру <i>жүктелсін.</i>		
4	«Univer» жүйесін «1С:Бухгалтерия-студент» модулімен толықтыру <i>жүктелсін.</i>	Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры <i>С.Т.Кожаметов</i>	
4.1	Көктемгі емтихан сессиясын сапалы өткізу мақсатында №6 корпусқа орталықтырылған бейнебақылау жүйесімен жабдықталсын.		
5	Жаңа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес «Univer» жүйесін жетілдіру <i>жүктелсін.</i>	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н.Жанбеков</i>	
6	Көктемгі емтихан сессиясын сапалы өткізу мақсатында кезекшілікке арнайы оқытушылар қатары жасақталып, емтихан өткізудің жүйесін оқытатын 1 апталық семинар курсының жоспары дайындалып, ұйымдастырылсын.	Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаев</i> Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н.Жанбеков</i> <i>Институт директорлары</i>	
7	Осы шешімнің орындалуын қадағалау оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А.Сатмырзаевқа жүктелсін.</i>		

2. ХЫД бастығы *А.Т. Искакованың* «**Университеттің халықаралық ынтымақтастық жұмыстарының нәтижелері және даму болашағы**» есебін тындап, талқылай келе, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	ХЫД бастығы <i>А.Т. Искакованың</i> есебі – мақұлдансын, ал Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жұмыс – қанағаттанарлық деп танылсын.		
1.1	Шетелдік университеттермен және ғылыми ұйымдармен стратегиялық серіктестікті жалғастырылып, Үздік-500 жоғары оқу орындарымен келісім-шарттар саны арттырылсын.	Бірінші проректор <i>М.А. Бектемесов</i> Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А. Сатмырзаев</i> Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <i>А.Т. Құлсариева</i> Тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі проректор <i>Ж.Е. Ишпекбаев</i> ХЫД бастығы <i>А.Т. Искакова</i> Ғылым департаментінің директоры <i>С.К. Сахиев</i> Даму стратегиясы және сапаны талдау жөніндегі департамент директоры <i>Б.К. Дамитов</i> <i>Институт директорлары</i> <i>Кафедра меңгерушілері</i>	30.12.2019
1.2	ЖОО-серіктестермен (ЖЭМ, Дүниежүзілік Даму Банкі және т.б.) біріккен ғылыми, білім беру жобаларын, зертханаларды дамыту, халықаралық (Erasmus +, DAAD және т.б. жобалар шеңберінде) желілік білім беру консорциумына қатысу жұмыстары жалғастырылсын.		бір жыл ішінде.
2	Шетелдік студенттерді тарту және жұмысқа қабылдаудың 2019-2020 оқу жылына арналған жол картасы әзірленсін және жұмыс тобы құрылсын.	Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <i>А.Т. Құлсариева</i> Оқу ісі жөніндегі проректор <i>А.А. Сатмырзаев</i> ХЫД-дың бастығы <i>А.Т. Искакова</i> Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры <i>Н.Б. Әуесбекұлы</i>	20.02.2019
2.1	Баян-Өлгийде (Монғолия) ҚазҰПУ филиалын ашу жұмысы ұйымдастырылсын. <i>Мерзімі - 30 наурыз 2019 жыл.</i>	Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры <i>Т.С. Қожасметов</i>	30.03.2019
2.2	Университет сайтында қызмет көрсетудің жаңа түрі - шетел азаматтарының құжаттарын қабылдау және тіркеудің онлайн формасы енгізілсін.	Маркетинг бөлімінің бастығы <i>Г.М. Мусина</i> Институт директорлары	1.04.2019
2.3	Университетті дамыту және рекрутинг жөніндегі іс-шараларға « <i>халықаралық тұлғаларды</i> » белсенді тарту және оларды ҚазҰПУ тұлғаларының Ассоциациясына қосылу жұмыстары жүргізілсін		жыл бойы
2.4	Басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған шетелдік		үнемі

	азаматтардың оқыту туралы құжаттарын тану және нострификациялау қағидаларын сақтауға қатаң бақылау қамтамасыз етілсін (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығы).		
3	Білім беру саласындағы тәуелсіз, коммерциялық емес ұйымдармен TOEFL түлектерінің тілдік дайындығы бойынша ETS Global B.V Халықаралық емтихан тапсыру орталығын ашу бағытындағы ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын; филологиялық мамандықтар кафедрасы (каф. меңгерушісі С.Б. Бегалиева) жанындағы орыс тілін білуді халықаралық сертификаттауды ұйымдастыру жөніндегі TORFL орталығының қызметі жандандырылсын.	Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <i>А.Т. Құлсариева</i> ХЫД бастығы <i>А.Т. Искакова</i> Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры <i>К.П. Сұлтанбеков</i> Ақпараттандыру жөніндегі департамент директоры <i>С.Т. Қожасметов</i>	30.03.2019
3.1	Жоғарыда аталған орталықтарды қажетті материалдық-техникалық базамен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілсін. (Тестілеу үшін аудитория, санитарлық тораптар, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін, жоғары өнімді Wi-Fi қосылысы, CD-плеер, проекциялық экран және т.б.).		30.03.2019
3.2	№8 жатақханада шетелдік білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары жақсартылсын. (тұрмыстық бөлмелерге, санитарлық тораптарға жөндеу жүргізу, бөлмені тиісті жиһазбен қамтамасыз ету);		30.06.2019
4	Серіктес жоғары оқу орындарымен қосдипломды бағдарлама ашу бағытындағы институттардың жұмысы жандандырылсын.	Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <i>А.Т. Құлсариева</i> Оқу - ісі жөніндегі проректор <i>А.А. Сатмырзаев</i>	30.03.2019
4.1	DAAD, Эразмус+, Мевлана және т.б. қаржыландыратын халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен стипендиялық бағдарламаларға қатысуға кафедраның ПОҚ белсенділігі арттырылсын.	ХЫД бастығы <i>А.Т. Искакова</i> Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н. Жанбеков</i> ОӘБ бастығы <i>А.М. Байдильдина</i> Академиялық ұтқырлық секторының жетекшісі <i>Г.С. Джангирова</i> <i>Институт директорлары</i>	жыл бойы.

3. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университетінің инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры *К.П. Сұлтанбековтың* «Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департаменттің 2018 жылғы жұмыстарының есебі және 2019 жылға жоспары» туралы баяндамасын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университетінің инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры <i>К.П. Сұлтанбековтың</i> «Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департаменттің 2018 жылғы жұмыстарының есебі және 2019 жылға жоспары» туралы баяндамасы – мақұлданысын және қанағаттанарлық деп есептелсін.		

2	2019 жылы мемлекеттік сатып алулар арқылы жүргізілетін жұмыстардың уақытылы жарияланып, орындалуын және бөлінген қаржының үнемделіп, тиісті салаларға жұмсалуды қадағалансын.	Қаржы –экономикалық департаменті Бас бухгалтер <i>Т.С. Сапарбаева</i>	31.12.2019
3	2019 жылы оқу ғимараттары және жатақханаларға жүргізілетін ағымдағы және әрлеу жұмыстарына бөлінген қаржының үнемді жұмсалуды және жүргізілетін жұмыстардың сапасы қадағалансын.	Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры <i>К.П. Сұлтанбеков</i>	31.12.2019
4	2019 жылы оқу ғимараттары және жатақханаларға жүргізілетін ағымдағы және әрлеу жұмыстарына арналған қаржыны бөлу кестесін жасап бекіту, үнемді жұмсалуды қадағалансын.		31.12.2019

4. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Ғылыми кеңесі Жаратылыстану және география институтының директоры, география ғылымдарының докторы, профессор *К.Д.Каймулдинованың* «Жаратылыстану және география институтының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысының жағдайы мен даму болашағы» есебін тыңдап және талқылай келе, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Жаратылыстану бағытындағы мектеп мұғалімдерін сапалы дайындау үшін арнайы жабдықталған химия, биология және география кабинеттерін жабдықталсын	Жаратылыстану және география институтының директоры <i>К.Д. Каймулдинова</i> Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н. Жанбеков</i>	
1.1	Пәнді оқыту әдістемесі бойынша практикалық сабақтарды мектептердегі кафедра филиалдарында өткізуді қолданысқа енгізілсын.	<i>Жаратылыстану және география институтының кафедра меңгерушілері</i>	
2	Магистратура және докторантура мамандықтарының ғылыми-зерттеу базасын одан әрі нығайту мақсатында Институттағы оқу-зерттеу лабораторияларының жұмысын үйлестіру, қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен одан әрі жабдықтауды жалғастыру;географиялық-ақпараттық жүйелер (ГАЗ) технологияларын ғылыми зерттеулерде кеңінен қолдану мақсатында География, экология және туризм кафедрасы жанынан арнайы жабдықталған ГАЗ кабинетін ұйымдастырылсын.	Жаратылыстану және география институтының директоры <i>К.Д. Каймулдинова</i> Ғылым департаментінің директоры <i>С.Қ.Сахиев</i> <i>Жаратылыстану және география институтының кафедра меңгерушілері</i>	
2.1	Институттың ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру мақсатында жас зерттеушілердің қатысуымен тәжірибелі ғалымдар жетекшілік ететін перспективті ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыруға мүмкіндіктер қарастырылсын.		
2.2	2019 ж 14-15 наурызында «Қазақстан және Орталық Азияда туризмді дамытудың тенденциялары мен келешегі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны жоғары ғылыми деңгейде ұйымдастыру және өткізу тапсырылсын.		
3	Бакалавриат мамандықтары бойынша қашықтан оқыту формасын ендіруге дайындық жұмыстарын жүргізіп, 2019-2020	Жаратылыстану және география институтының директоры <i>К.Д. Каймулдинова</i>	

	оқу жылында енгізілсін	<i>Жаратылыстану және география институтының кафедра меңгерушілері Біліктілікті жетілдіру және қашықтан оқыту орталығының директоры Б.С. Ахметов</i>	
3.1	Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында «Жаратылыстану пәндері бойынша жаңартылған мазмұн жағдайында саралап және практикаға бағдарлап оқытудың теориясы мен технологиясы» тақырыбында 72 сағаттық семинар ұйымдастырылсын		
3.2	Жаратылыстану және география институты базасында гид-экскурсоводтарды дайындау курстарын ұйымдастырылсын.		

V. Әртүрлі мәселелер

VI. Берілген шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор М. Бектемесовқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева